

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 30 мамыр

Өскемен қ.

№ 181 – ө

г. Усть-Каменогорск

«Мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты адамдарды тағайындау туралы» 29.12.2023 жылғы №441-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңының 5-бабы 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды жүзеге асыру мақсатында және басқару құрылымындағы өзгерістерге байланысты

БҰЙЫРАМЫН:

«Мемлекеттік қызметтер көрсеткені үшін басқарма мүшелері-проректорлар мен қызметкерлер қатарынан жауапты адамдарды тағайындау туралы» 29.12.2023 жылғы №441-ө бұйрықтың кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Лауазымның атауын өзгертуге байланысты «Жауапты проректор» бағанында И.В.Ровнякова басқарма төрағасының орынбасары – ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор болып есептелсін.

2. Лауазымға тағайындалуына байланысты басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор Ж.А.Калимолдина: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру»; «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты тұлға болып тағайындалсын (кестенің 6-тармағы).

3. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттар туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)», «Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерінің енгізілуіне байланысты кесте 10-тармақпен толықтырылсын.

№	Мемлекеттік қызметтің атауы	Жауапты проректор	Жауапты қызметкер
6.	«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» («Жоғары және	басқарма мүшесі – тәрбие және әлеуметтік жұмыс	Тәрбие жұмыс және әлеуметтік мәселелер

002777

	<p>(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығы); «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» («Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығы).</p>	<p>жөніндегі проректор Калимолдина Ж.А.</p>	<p>бөлімінің жетекшісі Байдрахманов Д.С.</p>
<p>10.</p>	<p>«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы құжаттардың мәліметтерін өзетендіру (түзету)» («Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын әзірлеу және бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 10 ақпандағы №47 бұйрығы); «Білім туралы құжаттардағы мәліметтерді өзектендіру (түзету)» («Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 қазандағы №312 бұйрығы).</p>	<p>Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алимбекова Н.Б.</p>	<p>Студенттік бөлімінің жетекшісі Калиева Г.К., Ақпараттық-техникалық камтамасыз ету және цифрландыру орталығының жетекшісі Ділдебай Б.</p>

Негіздеме: ҚҚЕББ жетекшісі А.К.Чудобаеваның қызметтік жазбасы.

Басқарма төрағасы –
ректордың уақытша



(Handwritten signature in blue ink)

И.Ровнякова